

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 6 мамырдағы N 562 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 31 қазан N 1320. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Мемлекеттік мүлікті сату жөніндегі саудаластықты өткізуге байланысты қызметті реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ
Е Т Е Д І :

1. Жекешелендіру объектілерінің құнын бағалау жөніндегі Ережені бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 6 мамырдағы N 562 қаулысымен бекітілген Жекешелендіру объектілерінің құнын бағалау жөніндегі Ережеге (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 19, 166-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

11-мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Міндеттемелері кәсіпорынның активтерінің құнынан асқан жағдайда кәсіпорынның бастапқы бағасы кәсіпорын активтерінің жалпы құнының кемінде 10 проценті мөлшерінде белгіленеді (кәсіпорын бірлігі балансының 360-жолы)";

14-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Егер міндеттеме кәсіпорынның құрылымдық бірлігі активтерінің жалпы құнынан асқан жағдайда бастапқы баға кәсіпорын бірлігі активтерінің жалпы құнының кемінде 10 проценті мөлшерінде белгіленеді (кәсіпорын бірлігі б а л а н с ы н ы ң 3 6 0 - ж о л ы) " ;

19-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"90 проценттен аса тозған негізгі құралдар негізгі қорларды ұлғайту коэффициентін ескере отырып, баланстық қалпына келтіру құнының 10 проценті м ө л ш е р і н д е б а ғ а л а н а д ы " ;

III бөлімінің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"III. Саудаластықта сату кезінде шаруашылық серіктестіктері акцияларының мемлекеттік пакеттерін және жарғылық қордағы үлестерін бағалау";

мынадай мазмұндағы 3-бөлімшемен толықтырылсын:

"3. Шаруашылық серіктестіктерінің жарғылық қорындағы мемлекет үлесінің қ ұ н ы н а й қ ы н д а у .

30. Шаруашылық серіктестігінің жарғылық қорындағы мемлекет үлесінің құнын айқындау үшін осы Ереженің 26-тармағына сәйкес акциялардың есеп айырысу құнын (АЕК) айқындау формуласы бойынша алынған шаманы

серіктестіктің жарғылық қорындағы мемлекет үлесінің проценттік шамасына көбейтіп, 100%-ке бөлу керек".

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК